



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№30 (1854)
17 қыркүйек
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ • www.kaznu.kz • facebook.com/KazakhNationalUniversity • vk.com/kazuniversity • instagram.com/KAZNU_FARABI

ҚазҰУ-да МИФИ филиалы ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен МИФИ ҰЯЗУ филиалының салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Филиалдың құрылуы саланы «Ядролық энергетика және технологиялар», «Информатика және есептеу техникасы» мамандықтары бойынша білікті кадрлармен қамтамасыз ете отырып, елде ядролық энергетиканың дамуына жаңа серпін беретінін айтты.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек қатысушыларды маңызды оқиғамен құттықтап, зерттеу университеттерінің ғылымды дамытуда рөлі артып келе жатқанын атап өтті. «МИФИ-мен әріптестік қолданбалы ғылым саласындағы ынтымақтастық үшін жаңа даму нүктесі болады деп үміттенеміз», – деді министр.

РФ Ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Наталья Бочарова шын мәнінде бұл Қазақстандағы ресейлік жоғары оқу орындарының алғашқы филиалы, фламаны екеніне мән берді.

Гүл БАЯНДИНА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Бішкекте өткен «Ұлттық инновациялық экосүйені құрудағы университеттердің рөлі» атты халықаралық ректорлар форумына қатысып, баяндама жасады.

Ректор дүниежүзілік форумға қатысты



ҚазҰУ басшысы өз сөзінде: «Бүгінгі таңда адами капиталды дамыту, білім мен ғылымға инвестиция салу алдыңғы орында тұр. Университеттер экономикалық және әлеуметтік үдерістерді дамытудың қозғаушы күшіне айналып, ғылыми-технологиялық өзгерістерге бастамашы болуда», – деп атап өтті. Жансейіт Түймебаев өз баяндамасында зерттеу университеттерін құру бойынша қазақстандық әдістемені алға тарта отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәжірибесімен бөлісті.

«Алдағы міндет – әлемдік деңгейдегі зерттеу универси-

тетіне айналу. Трансформациялау барысында университет төрт стратегиялық міндетті шешетін болады», – деп атап өтті ректор.

Сөз соңында Басқарма төрағасы тығыз байланыстар мен серіктестік құру үшін ұсыныстарды талқылауға әзір екенін білдіріп, форум жұмысына сәттілік тіледі. Іс-шара аясында сегіз панельдік секция өтті, олардың әрқайсысы жоғары білім беру саласындағы өзекті жаңа трендтерді талқылады.

Форум жұмысына әлемнің түкпір-түкпірінен 100-ден астам ЖОО басшысы қатысты.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Студенттер қатарына салтанатпен қабылданды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде танымал тұлғалар, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, белгілі ғалымдар, жазушылар, қазақстандық эстрада жұлдыздары, блогерлер, университет оқытушылары мен студенттерінің қатысуымен I курс білімгерлерін «Студенттер қатарына қабылдау» салтанатты кеші өтті.

ҚазҰУ-ға 7690 студент қабылданды. Мемлекеттік грантты 5156 талапкер ұтып алса, ақылы бөлімге 2534 студент оқуға түсті. Олардың ішінде 672 «Алтын белгі» иегері, 619 «Үздік аттестат» иегері, 12 ғылыми жоба жеңімпазы, 69 халықаралық және республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері бар.

Биылғы салтанатты рәсім форматы дәстүрлі кілт беруден өзгеше, жаңа технологияларды пайдалана отырып жүзеге асты. I курс студенттері сахнадан дербес QR-кодын сканерлеп, ерекше сәтке атсалысты.

Жалғасы 8-бетте



Дәстүрлі мереке I курс студенттерінің шеруімен басталды. Университет табалдырығын жаңадан аттаған жастар алаңда әсем ән құшағында шерулетті. Кейін салтанатты шараға жиналған 5000 адам Әнуранды жанды дауыста орындады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жансейіт Түймебаев I курс студенттері мен қонақтарға арнап құттықтау сөз сөйледі. Жастарды өмірдегі айтулы күнмен құттықтай отырып, университеттің қазіргі жетістіктерімен бөлісті.

Университетте 25 мыңға жуық студент оқиды, олардың 2,5 мыңға жуығы әлемнің 50 елінен келген шетелдік студенттер. Жаңа оқу жы-

Джоанна
МАДАЛИНСКА-МИЧАЛАК:

ҚазҰУ-ға шақырту
алғаным – үлкен
абырой

3 >>



Ұлт
ұстазының
өміршең
зерттеулері

4 >>



Әскери
кафедра
туралы не
білеміз?

6 >>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Өркениеттер арасындағы алмасу және ынтымақтастық қорының» негізін қалаушы және президенті Имам Мохаммад Башар Арафатпен кездесті.

Ислам әлеміндегі байланысқа мән берілді



Мәртебелі мейман университет басшылығына қонақжайлығы үшін алғыс білдіріп, қордың қызмет аясына тоқталды. Ол қордың негізгі миссиясы мұсылмандар мен басқа діни конфессиялар адамдарының татулығы, құрметі мен ынтымақтастығын нығайтуға ықпал ету екенін айтты.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Мохаммад Арафат мырзаның әлемдегі тыныштықты сақтау жолындағы еңбегін атап өтті.

«Біз Ислам ынтымақтастық ұйымының мүшесі болып саналамыз. Ислам әлеміндегі қарым-қатынасты дамытуға мүдделіміз. Оған ғалымдарымыз субелі

үлес қосуда. Университет қабырғасында Шығыс елдері, мәдениеті мен дін тақырыбында зерттеулер жүргізіледі. Шығыстану факультетінде парсы тілдері үйретіліп, дипломатия қатар оқытылады. Сіздің қызметіңізбен тоғысып жатқан тұсымыз көп. Сондықтан ортақ мақсаттарды бірлесе жүзеге асыруға мүдделіміз», – деді Жансейіт Түймебаев.

Ректор құрметті қонаққа ҚазҰУ жетістіктері және университетте ұйымдастырылған ауқымды конференциялар жайлы мағлұмат беріп, студенттерге дәріс оқуға шақырды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев көрнекті ғалым, «Тұран» университетінің ректоры, экономика ғылымының докторы, профессор, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшановтың ғылыми қызметіне арналған конференция жұмысына қатысты.

Академикке лайықты құрмет көрсетілді



Конференцияға қатысушылар Рахман Алшановтың отандық білім мен ғылымды дамытуға қосқан өлшеусіз еңбегін атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бұл шара «Тұран» университеті үшін ғана емес, Қазақ ұлттық университеті үшін де ерекше оқиға екенін жеткізді.

«Рахман Алшановтың өмір жолы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты. Рахман Алшанов көп жылдар бойы жоғары оқу орнының сол кездегі ректоры Өмірбек Жолдасбековпен бірге еңбек етіп, ҚазҰУ қалашығының қалыптасуына үлкен үлес қосты. Еңбек жолын Экономика кафедрасында оқытушы болып бастап, факультет деканы болды. Шәкірт тәрбиелеп, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырып, мазмұнды ғылыми еңбектер жазды. Рахман Алшанов республикамыздағы алғашқы жекеменшік «Тұран» университетін құрып, бүгінде оқу орнын ірі білім беру корпорациясы деңгейіне




көтерді. Сонымен қатар еліміздегі Жоғары оқу орындарының қауымдастығын басқарып, еліміздегі жоғары мектептің өркендеуіне ықпал жасап келеді. Рахман Алшановты ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде университетімізге үнемі қолдау көрсетеді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сөз соңында университет басшысы мерейтой иесін ҚазҰУ-дың дамуына қосқан зор үлесі үшін «Әл-Фараби» алтын медалімен марапаттады.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Өндіріс ошағы іске қосылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы» базасында өсімдік шикізаты негізінде инновациялық өнім әзірлейтін шағын өндірістің салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Шараға қатысқан ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өндіріс жұмысына сәттілік тіледі. Министр отандық ғылымды дамытуда осындай өндірістердің көп болуы маңызды екенін жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды дамытуға баса назар аударуда. Ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Осы орайда, бүгін ашылып жатқан өндірістің еліміз үшін маңызы зор. Министрлік тарапынан қолдау көрсете отырып, орталық әзірлеген өнімдерді еліміздің дәріханаларына орналастырамыз. Бұл жұмыс арқылы біз тек қана коммерциялық мәселені жөнге қоймай, ұлттың денсаулығын жақсартуға ықпал қосып отырмыз. Табиғи дәрілік препараттардың құны арзан, жанама әсері аз, ал пайдасы мол болмақ», – деді министр Саясат Нұрбек.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев дәрілік препараттар медицина саласындағы өзекті мәселелерді шешуге сеп болатынын айтты.

«Орталықтың негізгі мақсаты – Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктерді зерттеу. Яғни ғылыми орта-

лықтың нәтижелі жұмысы елімізде көптеген түйінді мәселелерді оңтайлы шешуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, өз елімізде өсетін дәрілік өсімдіктерді пайдалану арқылы көптеген әсерлі, табиғи негіздегі дәрілік заттардың, оның ішінде сырттан импортталып жатқан көптеген дәрілердің өзімізде өндірілуіне мүмкіндік ашылады. Орталық еліміздің медицина саласының өркендеуіне де, ел экономи-

жанар Жеңіс құрметті меймандарға өндіріс туралы ақпарат берді. Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы 2019 жылы ашылған болатын. Ал енді орталық базасында биологиялық белсенді қоспалар мен фитосайлар дайындайтын өндіріс ресми түрде ашылып отыр. Өндіріс соңғы үлгідегі құрылғылармен жабдықталған. Ғалым отандық дәрілік өсімдіктерді зерттеу нәтижесінде түрлі биологиялық белсенді қоспалар дайындалғанын айтты.

«Қазіргі таңда өндірісте тұмау мен бауыр ауруларынан сақтайтын және иммунитетті көтеретін, коронавирус инфекциясына қарсы биологиялық белсенді қоспалар дайындалды. Сонымен қатар қант диабетіндегі қан деңгейін төмендететін, қан қысымын реттейтін, асқазан-ішек жүйесінің жұмысын жақсартатын, иммунитетті көтеретін фитосайлар өндіріледі. Мұның барлығы Қазақстанда өсетін



касының дамуына да үлкен үлес қосары даусыз», – деді университет басшысы.

Ашылу салтанатына жиналғандар алдымен орталықты аралап, дәрілік препараттар әзірлейтін құрылғылармен жіті танысты. Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор

дәрілік өсімдіктерден жасалады. Орталықта магистранттар мен докторанттар жұмыс істейді. Студенттер тәжірибеден өтіп, білімдерін жетілдіреді», – дейді жоба жетекшісі Жанар Жеңіс.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Джоанна МАДАЛИНСКА-МИЧАЛАК:

ҚазҰУ-ға шақырту алғаным – үлкен абырой



Джоанна Мадалинска-Мичалак – Варшава университеті (Польша) білім беру факультетінің оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар PhD докторы, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға арнайы шақырылған профессор. Teachers and Teaching: Theory and Practice, European Journal of Teacher Education, South African Journal of Education сияқты ғылыми журналдардың редакциялық кеңесінің және рецензенттер алқасының мүшесі. Оның ғылыми жұмысы білім берудегі көшбасшылық, ұстаздардың дамуы және зерттеу этикасына бағытталған.

Джоанна Мадалинска-Мичалак өзінің бүкіл кәсіби өмірін ұлттық, еуропалық және жаһандық деңгейде ғылым мен қоғам игілігі үшін жоғары сапалы білім беру зерттеулеріне ұмтылу жолына арнады. Профессор академиялық үлгерім бойынша Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Орхус университетіне (Дания) шақырылған. Джоанна Мадалинска-Мичалак әрдайым идеяларға құштар әрі жаңа көзқарасты қабылдауға, студенттерге үлгі көрсетуге, айналасындағыларды қолдауға және ынталандыруға, ең алдымен этикалық және позитивті көзқараста болуға тырысады.

– Университетте және әртүрлі танымал ұлттық, еуропалық және жаһандық ғылыми ұйымдарда көшбасшы рөлін атқарған академияда тәжірибесі бар маман ретінде мен біздің әлемде трансформациялық көшбасшылықтың қаншалықты қажет екенін байқадым. Менің сүйікті дәйексөздерімнің бірі – Джими Хендриксстің цитатасы. Ол бір кездері: «Сүйіспеншілік күші күшке деген сүйіспеншілікті жеңсе – әлемде бейбітшілік орнайды», – деген еді. Демек, өз ісінді сүю арқылы кез келген биік белесті бағындыра аласың. Менің зерттеуші және жоғары білім беру көшбасшысы болудағы негізгі зерттеуім социализм және орталықтандырылған

жоспарлы, иерархиялық және жабық білім беру жүйесі дәуірінен демократия уақытына дейінгі аралықты, яғни жұмысты игеруге және бөлісумен сипатталатын екі тарихи дәуірді қамтиды. Мен орталықтандырылған жүйеде оқыдым, бірақ трансформация кезінде білім алғандықтан, зерттеуші ретінде таныла бастадым. Ғылыми қызығушылығым оқытушылық мамандықпен астасып жатқандай. Ұстаздардың білімі және білім берудегі көшбасшылығы мені осындай ізденіс жолына алып келді деп ойлаймын. Менің басқа елден білім алып, білгенімді үйретіп, тәжірибе алмасуға деген сүйіспеншілігім және зерттеу әлеуетін арттыруға деген ынтызарлығым ҚазҰУ-ға қарай жетеледі. Өзім ұстаз бола тұра, әрбір жаннан – тәлімгерлерден, жетекшілерден және студенттерден даналық, жаңа серпін көріп, сезу арқылы айналамды – ұстаз, өзімді – шәкірт көремін, – дейді профессор.

Джоанна Мадалинска-Мичалак 250-ден астам ғылыми жарияланым авторы. Оның мансап жолында жиған тәжірибесі өте мол. Мәселен, халықаралық және ұлттық ғылыми ұйымдармен жұмыс істейді. Джоанна Мадалинска-Мичалак – дүниежүзілік білім беруді зерттеу қауымдастығының (WERA) вице-президенті, Еуропадағы мұғалімдердің білім беру саясаты (TEPE) ғылыми желісінің төрағасы және Польшаның білім беру зерттеулері қауымдастығының (PERA) президенті және оқыту бойынша халықаралық білім беру (ICET) директорлар кеңесінің мүшесі, Дүниежүзілік білім беру зерттеулері қауымдастығының халықаралық зерттеу желілерінің (WERA-IRNs) төрағасы. Сонымен қатар дүниежүзілік білім беру зерттеулеріндегі Польша білім беру зерттеулері қауымдастығының өкілі ретінде қызмет етеді. Қауымдастық (WERA), Еуропалық білім беру зерттеулері қауымдастығы (EERA) кеңесінің және Польша Ғылым академиясының Ғылыми қауымдастықтар кеңесінің мүшесі.

– Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ – жыл сайын әлемдік білім беру рейтингі көрсеткішінде беделі жоғарылап келе жатқан білім ордасы. Шетелдік ұстаздармен ынтымақтастығы нығаюда. Аталмыш оқу ордасымен ынтымақтастық байланыс орнатуға әлемнің түкпір-түкпірінен қаншама білім ордaları

мүдделі. Осындай оқу ордасына профессор ретінде шақырту алғаным мен үшін үлкен абырой. Себебі Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың білім көрсеткіші, сапасы өте жоғары. Бұл білім ордасында ғылымға шын жанашыр ұстаздар мен келер ұрпаққа, елге не қажеттігін жете түсінетін басшылар қызмет атқарады. Ізденімпаз жастардың сенімін арқалаған ұстаздар қауымының еңбегі орасан зор, – дей келе, ол өзінің мансап жолында атқарған бірқатар ісімен бөлісті. Еуропадағы мұғалімдердің білім беру саясаты басқармасының төрағасы, TEPE Network Member желісінің мүшесі (2016-2020) ретінде саясатқа әсер ететін және тәжірибені жетілдіре алатын зерттеулерді әзірлеу мен көрсетуде үлкен рөл атқарған. Саясаткерлермен қарым-қатынасты нығайту арқылы саясатты құруға ықпал ету жөнінде біршама ой-тұжырымын айтты. Польша Ғылым академиясының Ғылыми қауымдастықтар кеңесінің атқарушысы (2018) ретінде білім берудегі жаңа зерттеулерін ұсынған. Сондай-ақ Польшадағы ғылым қозғалысын дамыту және көрсету стратегиясын әзірлеуге қатысқан.

– Әлем өмір сүрудің және жұмыс істеудің жаңа әдістеріне бейімделіп келеді. Білім саласындағы күрмеулі мәселелер мен терең проблемаларды COVID-19 пандемиясы әкелген залалдан кейін түбегейлі қалпына келтіру қажет. Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы әріптестермен бірге жұмыс істей отырып, осы іспетті мәселелерді шешуде пікір алмасудамыз. Мен университеттің білімді жастарына тың ой мен ғылымда жаңа серпін қосқанымға өте қуаныштымын. ҚазҰУ Азия мен Еуропадағы білім беру саласында зерттеушілер арасындағы ынтымақтастықта көш бастап келеді және зерттеушілер мен қоғам арасындағы байланысты жақсартуға ықпал етеді. Студенттер әртүрлі салаларда өзекті тақырыптар төңірегінде сыни пікірталастарға қатысады. Сонымен қатар альма матер білім алушылардың жан-жақты дамуына сөзсіз үлесін тигізіп жатыр. Мұндай білім ордасымен ынтымақтастықта жұмыс істеу маған үлкен абырой мен жауапкершілік жүктейді, – деп сөзін қорытындылады Джоанна Мадалинска-Мичалак.

Биылғы жаңа оқу жылында филология факультеті тағы бір мамандықпен толықты. «Түркі филологиясы» білім беру бағдарламасының есігі білім аламын деушілерге айқара ашық.

«Түркі филологиясы» білім беру бағдарламасының мақсаты – мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттары, түркі мемлекеттерінің елшіліктері, жоғары оқу орындары, ғылыми-өндірістік ұйымдар мен бірлестіктер, республикалық және аймақтық түркітану орталықтары, мемлекеттік органдар мен мүдделі министрліктер үшін түркітану саласындағы ғылыми-білімдік бағыттағы кәсіби кадрларды сапалы даярлау. Осы орайда, 2022/23 оқу жылында «Түркі филологиясы» білім беру бағдарламасында алты магистрант грант иегері атанды.

Факультет жаңа мамандықпен толықты



Білім берудің нәтижесі – түркітанудың білім саласы, оның пәнаралық қарым-қатынасы сияқты қазіргі проблемаларын және перспективаларын саралау; қазіргі заманғы зерттеу әдістерін қолданып, түркітану саласындағы түрлі зерттеулерді, Қыпшақ, Оғыз және Қарлұқ тілдік топтарының қолжазба материалдарын талдау; ежелгі және орта ғасырлардағы ескерткіштерді зерделеудің заманауи әдістерін пайдалана отырып, ЮНЕСКО тізіміне кірген және кіруге үміткер түркі халықтарының материалдық, рухани мәдениеті негізінде ғылыми жобаларды жүзеге асыру; түркітанудың өзекті мәселелерін ғылыми зерттеу әдістерінің, жаңа мұрағат материалдары мен қолжазбалардың негізінде шешу және үлгілеу арқылы түсіндіру; текстологиялық зерттеулерден алынған ғылыми нәтижелер негізінде түркі тілдерінің топтарын зерттеу және үлгілеу арқылы түсіндіру; заманауи түркітану теориялары мен тұжырымдарына сәйкес, ежелгі және ортағасырлық қолжазба материалдарын зерттеудің нәтижелері бойынша өз позицияларын дәлелдеу; түркітану саласындағы ғылыми зерттеулердің міндеттері мен мәселелерін, тиісті әдіснаманы, көшпелі өркениет дамуының тарихи кезеңдерін саралау; магистрлік зерттеулердің өзектілігінің траекториясын, мақсаттар мен міндеттердің анықталуын, зерттеу әдіснамасын, алынған ғылыми нәтижелерді бағалау; оқу және ғылыми-зерттеу пәнаралық зерттеу жобаларын, іске асыру жоспарын, ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарын болжау; түркітану бойынша белгілі бір типтегі оқу түрлерінде білім беру қызметін, оқу бағдарламасын, түркітану пәндерін оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін және технологияларын ұйымдастыру; инновациялық идеяларды, тәуелсіз болжамдарды, кәсіби жетілдірудің траекториясын қалыптастыру; түркі халықтарының лингвистикалық, әдеби және тарихи ерекшеліктерін, жеке-дара ғылыми зерттеулерді, зерттеу жобасының негізгі тұжырымдарын, зерттеу нәтижелерін кәсіби құзыреттіліктің тілдік параметрлерін ұсыну. Аталмыш негіздер бойынша білім беру бағдарламасы білікті маман даярлап шығуды көздейді.



Тұмсысы бөлек, тұғыры

А.Байтұрсынұлы «Тіл-құралды» тіл танытқыш деп атап, оқу құралы ретінде жазды. Бұл құрал қазақ тілін нақ білетін, қазақ тілінде қара танып, оқып, жаза білуге ұмтылғандарға арналды. Қазіргі терім сөзбен айтқанда, қазақ мектептеріне ана тілін үйретуге арналып жазылды.

риясының ғылыми бағдары, шақ тұлғалары мен рай арасындағы байланысты саралауы қазіргі оқулықтарға өзгеріссіз енгізілуі керек.

Сөйлем жүйесі туралы да А.Байтұрсынұлы зерделеген ма-

ана тілінде сабақ өтуі, шет тілдерді оқыту тек орта сыныптардан басталуының маңыздылығын Алаш зиялыларынан өткір айтқан ешкім жоқ. Осы ретте де Ахаңның ойлары аса өміршең. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-

ция материалдары жинақ болып басылып шықты.

– А.Байтұрсынұлының «Таңдамалы» үш томдығы ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспасынан жарыққа шықты. Бұл басылымның ерекшелігі –

Ұлт ұстазының өміршең зерттеулері

Байтұрсынұлы үшін қазақ тілін жүйелі меңгерудің жолы – оқушыға немесе үйренушіге ең алдымен сөйлеу мен сөйлемнің айырмасын ұғындырып, сөз бен сөздің буынын, буын мен буындағы дыбысты айыруды білгізу. Бастысы – тілдегі жүйені, жүйедегі ішкі үйлесім (гармония) мен үндесімді ұқтыру. Демек, А.Байтұрсынұлы ұстанған мұндағы басты қағида – буынға бөлу.

Қазіргі қазақ тіліндегі тағы бір олқылық сөз жазудың жалпы ережелеріне қатысты туындап отыр. А.Байтұрсынұлы ережелерінің өзектілігі мен өміршеңдігі бүгінгі орфография мәселесімен тыңғылықты айналысқан кез келген кісіге анық байқалады. Орфография – жазудың нормасы, яки заңы. Жазу нормалары соңғы уақытта шым-шытырық өзгеріске түсіп, әсіресе күрделі сөздердің жазылуы дәйім түсініксіз болып кеткенін жасыра алмаймыз. Ал Ахмет қағидалары тілдегі сингармониялық қағидаларды сақтап, тілдің өзектілігін бұзбай жазуға жетелейді.

Мәселен, А.Байтұрсынұлы

жалғаудың екі түрін көрсетеді: жай жалғау және жақ жалғау. Жай жалғау екіге бөлінеді: септеу, көптеу. Жақ жалғау – сөз жақпен айтылғанда жалғанады: тәуелдеу және жіктеу. Ақылға сыйымды, табиғи бөлініс. Бізді оқытқан, біз оқытып жүрген грамматикалық жүйеде бұлай бөлінбейді. Ал әр жалғауға берілген анықтаманың анықтығы мен нақтылығы ше?! Қолмен қойғандай түсінікті. Логикаға сай, қабылдауға жеңіл.

Қазақ тіліндегі етістіктің қазіргі сипатталуы орыс грамматикасына негізделгендіктен де А.Байтұрсынұлы талдауынан мүлде өзгеше.

Өздеріңіз білетіндей, қазақ тіліндегі бір буынды етістіктердің бәрінің дерлік ішкі мағыналық табиғаты – синкретті. Етістік – тілдің жаны. Түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі етістіктің мағыналық дамуы тіл дамуының басты сипатын да айқындайды. Осы ретте етістіктің морфологиялық құрылымының жүйелі не жүйесіздігі аса маңызды. А.Байтұрсынұлы зерделеген етіс тұлғаларының, рай катего-



ңызды ой қазіргі оқулыққа енуі тиіс. Басқаны былай қойғанда, сөйлемге берілген анықтаманың өзі бүгінгі оқулыққа сұранып тұрғаны рас. «Қазақ баласы бөгде тілде емес, ана тілінде сауат ашуы керек, білім-ғылыммен қазақ өз ана тілінде сусындауы тиіс» деп түсінген Ахмет қағидасы бүгінде аса өзекті әрі өміршең екеніне дау жоқ. Аралас мектептердің болмауы, қазақ тіліндегі мектептерде бастауыш сыныптарда тек

да А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өткен негізгі іс-шаралар атап өтуге тұрарлық.

– 2022 жылдың 14 сәуірінде «А.Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізіліп, оның жұмысына АҚШ, Түркия, Польша, Өзбекстан, Қырғызстан ғалымдары қатысып, баяндама жасады.

– «А.Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты конферен-

ция материалдары жинақ болып басылып шықты.

– 2022 жылдың 18-19 шілдесінде Ыстамбұл университетімен бірігіп А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Түркі жазуы тарихы» атты симпозиум өтті.

– Қырғызстанда (Ыстықкөлде) «А.Байтұрсынұлы зерттеулерінің ғылыми парадигмалары» тақырыбында кафедра оқытушылары жазғы курс дәрістерін оқыды.

– 2022 жылдың 18-19 шілдесінде Ыстамбұл университетімен бірігіп А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Түркі жазуы тарихы» атты симпозиум өтті.

– Қырғызстанда (Ыстықкөлде) «А.Байтұрсынұлы зерттеулерінің ғылыми парадигмалары» тақырыбында кафедра оқытушылары жазғы курс дәрістерін оқыды.

Анар САЛҚЫНБАЙ,
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор

Ахаңның қызына тән күйсандық ҚазҰУ-ға сыйға тартылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алаш ардақтысы, көрнекті ағартушы ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, арнайы апталық өтті.



Осы апталық аясында білім ордасында Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылды. Шараға зиялы қауым өкілдері, ахметтанушы ғалымдар, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты.

Көрме барысында ұлт ұстазының жиені Айман Байсалова Ахмет Байтұрсынұлының қызы Шолпан Ахметқызы қолданған күйсандықты ҚазҰУ мұражайына

сыйға тартты. «Бұл жәдігердің өзіндік тарихы бар. Атам Ахмет Байтұрсынұлы күйсандықта шебер ойнаған. Соны көріп өскен анам болашақта ұрпағым өнерге жақын болсын деген мақсатта осы күйсандықты 1992 жылы сатып алған. 1994 жылы анам

Шолпан өмірден өткеннен кейін, бұл күйсандықты бүгінге дейін көзімдің қарашығанда сақтап келеміз. «Атамның өзіндей болмаса да, көзіндей болсын» деген оймен бүгін анамның жәдігерін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне сыйға тартуды жөн көрдім», – деді Айман Байсалова.

Айта кетейік, Ахмет Байтұрсынұлы апталығы аясында конференциялар, дөңгелек үстел отырысы, танымдық дәрістер мен әдеби жыр кештері өтті. Сондай-ақ аптаның соңғы күні университеттің білім алушы жастары Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйіне барып, ұлт ұстазының өмірімен тереңірек танысты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Қазақ халқының рухани көсемі, Алаш ардақтысы, көмеңгер ағартушы, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде әлем бойынша аталып өтпек. Даналықтың дөнін сепкен данышпанның өмірі мен саяси-қоғамдық қызметін насихаттауда, жалпы, ахметтану саласында 30 жылға жуық абыройлы әрі қиындығы мол қызметті адал атқарып жүрген ғалым Райхан Иманхат – Алматы қаласындағы Ахаң музей-үйінің нағыз жанашыр «шырақшысы».

«Ғасыр саңлағы» оқырманға жол тартты

Райхан Сахыбекқызы ұлт ұстазының өмірі мен ғылыми мұрасы туралы кандидаттық диссертация қорғап қана қоймай, көптеген кітаптар, энциклопедия мен анықтамалық-көрсеткіштер, фотоальбомдарды осы ахметтану тақырыбында басып шығарғанының да куәсіміз. Өткен жылы «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясының бас кеңесшісі болды. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын насихаттаудағы мерейлі жылда ғұламаның 12 томдық толық шығармашылық жинағын дайындап жатқан ұжымда да басты орындаушы. Ахандай көмеңгердің рухани мұрасын талмай зерттеп, зерделеп хәм насихаттап жүрген ғалымның биыл «Ғасыр саңлағы» атты кең көлемді кітабы оқырман қауымға жол тартты. Пікір білдіруші әрі оқырман ретінде кітапты риясыз қабыл алып, сүбелі туынды деп білемін. Автордың сөз кірпішінің орнын тауып қалауы, сөйтіп, көркем тілмен кестеленген бейнелі сөздермен көңіл пернесін дөп басып, кө-



кейге ой салуы, көкіректің көзін ашып, нәрлендіруі оқырман талғамын арттырары хақ. Сондықтан «Ғасыр саңлағы» Алаштың айбозы әрі арысы Ахмет Байтұрсынұлының тағдыры және ғылыми мұрасымен терең танысқысы келетін қалың оқырман қауымның көз қуанышына айналады деп білемін.

Алтынбек НҮХҰЛЫ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Журналистер одағының мүшесі





биік тұлға

Ұзап кеткен өткен ғасырдың алғашқы жартысын ойға алғанда арманда кеткен қаншама қазақтың аймаңдай абыздары, кек пен күйіктен жүректеріне өрт түскен, өмірден ерте кеткен қаншама кемеңгерлеріміз еске түседі. Соның бірі, міне, бір жарым ғасыр өтсе де, ұлылығына шаң жұқпаған Ахаң еді. Ахаң ғасырдың өзі туғызған тумысы бөлек, тұғыры биік, бір бойына шешендік пен көсемдік қатар қонған данагөйіміз.

дарға бару керек екенін сұңғыла саясаткер, әлеуметтанушы, қоғамтанушы, қайраткер, терең білім иесі, көсем ретінде де дәл аңғарды. Осының барлығын ел мүддесіне, ұлт ұпайына айналдыру үшін бүкіл елдік өркендеудің

8 шілдесінде «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «Қалам қайраткерлерінің жайынан» атты өзекті мақаласында: «Қазақ жем болудан (орыс империясының тарапынан келуі мүмкін жағдайды мезгеп отыр) түбінде декрет

Қазақ қоғамының тамыршысы

XX ғасыр басындағы қазақ ұлтының рухани көсемі, Алаш идеясының негізін қалаушы, Алаш үкіметі басшыларының бірі – Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқының қамына жасаған еңбегін қай қырынан алып зерттесек те, алдымен туған еліміздің тәуелсіздігі туралы әңгімеге келіп тірелеміз.

Ол қандай тәуелсіздік еді? Алдымен саяси тәуелсіздік. Мемлекеттік тәуелсіздік. Рухани тәуелсіздік. Идеологиялық тәуелсіздік. Осынау негізгі бағыттың барлығында да ұлт ұстазы, ұлы ойшыл, ұлы ағартушы, арынды ақын, көреген саясаткер, қарымды қаламгер, ғұлама ғалым Ахаң көш басында тұрды. Бұл жағынан Ахмет Байтұрсынұлыға сол тұста ешкім тең келе алған жоқ. Алғашқы ақиқат – осы.

Ахаңды біз неге алдымен Алаштың рухани көсемі дейміз? Кез келген ұлттың мемлекеттік тәуелсіздігінде руханияттың, яғни рухани құндылықтардың алатын орнын және тарихи рөлін,

керек болса, саяси мәнін ұлт қайраткері ретінде Ахаң жалпы-ұлттық өреден терең түсінді. Қоғам, ел өмірінің жаңа бір тарихи кезеңге ойысқан тұсында жаңа бағыт, ендігі уақыттың ұстанымдары қандай болмақ, нендей күйлерге көңіл бөлу, білім беру, әдебиет, өнер, тәрбие бағытындағы іс-әрекеттеріміз қай арнада өркендеуі керек – осының барлығын Ахаң жүрегінен өткізіп, дер кезінде аңғарды. Аңғарып қана қойған жоқ, соны өзінің еңбектерінде, алдымен қазақ зиялыларына, қалың елге түсінікті тілде (яғни ана тілімізде), осы уақытқа дейін кездеспеген тың әрі жатық ұғымдармен, атаулармен, сөз оралымдарымен, ғылыми негізде, әрине, адамзат өркениеті қол жеткізген биіктен, сол тұстағы қазақ қоғамының даму сатысынан, әлеуметтік жағдайына табан тірей отырып, ой түйіп, өзінің қаламының қуатына арқа сүйеді. Қалам қайраткері ретінде осынау алмағайып заманда ұлт қамына еңбек етуді өзіне парыз санады.



Қазақ қоғамының XX ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси, геосаяси жағдайы, экономикалық дамудеңгейі – осының барлығын терең зерттеп, көрегендікпен алдын ала болжап, біліп алып барып ой қорытатын Ахаң сол кезеңде қазақ ұлтына, ел мүддесіне алдымен, яғни бірінші кезекте не жасау керектігін, қандай қадам-

негізгі өзегінде рухани жаңғырту тұру керектігін бірден болжады.

Сондықтан да қазақтың қамын қаймықпай айта алатын Ахаң қазақ ұлтының жаңа ғасыр басындағы даму жолының негізгі кілт руханиятта жатқанын алдын ала білді. Ахмет Байтұрсынұлының осы орайда 1922 жылдың

қуатымен құтылмайды, мәдениет (руханияттың бір саласы) қуатымен құтылады», – деп көрегендікпен жазуы тегін емес. Ахаң сол кездің өзінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдайды шынайы болжап, қауіптің алдын алғысы келіп, жүрегі ауырғаннан ашық айтып отыр.

Сондықтан да Ахаңның бізге қалдырған баға жетпес рухани мұрасының басты-басты арналары: тарихи сананы қалыптастыру ілімі, әдебиет тарихы, тілтану ғылымы, әдебиеттану ғылымы, ақындық өнер, көсемсөз саласы болғаны тегін емес. Елдік сананы көтеру үшін алдымен тарихи сананы, ғылыми сананы, көркемдік сананы көтеру керек екенін Ахаң кемеңгер ретінде дер кезінде көре білді. Рухани тәуелсіздікке қол жеткізбей тұрып, мемлекеттік тәуелсіздік болмайтынын білді.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
филология ғылымының докторы, профессор

Тіл тазалығына аса мән берген

«Ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы – нағыз ғылым мен білімнің, руханияттың мерейтоы. Өткеннің тағылымын ұмытпай, ұлыларымызды ұлықтап отыру, осылайша олардың өнегесі мен тәлімін жас ұрпақтың санасында жаңғыртып отыру қазақ жұртының парызы болып қала бермек.



Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінде қазақ филологиясының барлық маңызды мәселелері қамтылып, тіл білімі мен әдебиеттанудың негізі қаланғаны белгілі.

Қазіргі таңда қоғамда ана тіліміздің тазалығы мәселесі өзекті болып отыр. «Мемлекеттік тіл» деген мәртебесі бола тұра, ана тіліміз жаһандану жағдайында өзге әлемдік тілдердің ықпалына ұшырап, табиғи қалпын жоғалтып барады. Осы тұста Ахмет Байтұрсынұлының ана тілдің тазалығын сақтау жөніндегі пікірлері әлі де өзекті. Ғалымның айтуынша: «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау... Жалғыз-ақ біздің қашатғынымыз – жатшылық (жат сөзшілдік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың

тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек». Ал қазіргі уақытта өзге тілдерден даяр тұрған сөздерді ала беретініміз жасырын емес. Ғалымның айтуынша, бұның соңы ана тіліміздің шұбарланып, өз бояуынан ажырауына, тіпті жойылуына әкеп соғады. «Өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала берсе, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жібереді».

Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбектерінде ана тілін таза сақтау туралы осы қағидасынан ешқашан ауытқымаған. Ғалымның «Тіл танытқыш» және «Әдебиет танытқыш» т.б. еңбектерінде көптеген филологиялық терминдерді (пән сөз) тек қазақ тілінде атап, бірде-бір шетел сөзін қолданбағанын көреміз.

Әдебиеттанушы-ғалым, профессор Д.Ысқақұлы Ахмет Байтұрсынұлының пән сөз жасаудағы негізгі қағидаларын төмендегіше анықтайды: а) алдымен ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзі алынуы керек; ә) ондай сөз

табылмаған жағдайда ондай сөзді туыстас тілдерден алу; б) кең тараған халықаралық терминдер қабылданғанда олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгертіліп алынады; в) қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтін өзге тілден енген сөздер қазақша айтылуына сәйкес өзгеруі тиіс.

Қазіргі ғылым тілін дамытуда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жас ғалымдары қай саланың болсын терминдерін таңдауда ұлы филолог-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының осындай маңызды қағидаларын басшылыққа алып, ұстанғаны өте дұрыс болар еді.

«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, Ойлайтындай мен емес бір күнгісім. Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын, Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін», – деп жырлаған ұлт ұстазының туған елінің ертеңі мен болашағы жолында аянбай еткен еңбегі бізге әрқашан да үлгі болуы тиіс, ұстаздар қауымы жас ұрпақты тәрбиелеу жолында Ахметтей қайраткер тұлғаның өнегесін ұмытпауы керек.

Ләйлә МҰСАЛЫ,
Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының профессор ма., ф.ғ.к.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың қара баласы үшін, ордалы қалың жұрты үшін аяулы жанын аямай, «тар жол, тайғақ кешуді» басынан өткізген ұлт ұстазы, арда ұлы. Алаш баласының сауатын ашып, елімізді өркениетті мемлекеттердің қатарына қосуды мақсат тұтып, «Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын. Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін», – деп, еркіндіктің, тәуелсіздіктің, егемендіктің, білімділік пен біліктіліктің, ғылым мен өнердің құнын, қадір-қасиетін терең түсінген жан.

Ахмет – Алаштың арда ұлы

Ахаң сол дәуірдің көш керуенінде қазақ даласындағы жер реформасы мен сот реформасының, жергілікті басқару мен ар-ождан бостандығының қорғаушысы, жоқтаушысы, іздеушісі болды. Әлихан, Міржақып сияқты Алаш ардаларымен бірлесе отырып Қазақ елінің азаттығы мен еркіндігі жолындағы іргелі саяси реформаларды дүниеге әкеліп, қалыптастырды. Тәуелсіз, өркениетті, дамыған ел болуды мақсат тұтты.

Ахаң өзінің саналы ғұмырында негізгі үш мәселеге аса мән берген еді. Олар: бірінші – жер мәселесі, екінші – оқу-ағарту мәселесі, үшінші – ұлттың өзін-өзі билеу мәселесі. Ахаң бұл жөнінде «Қазақ» газетінде толғана жазған: «Өз алдына дербес ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әртүрлі жұрт кіріскенде, солармен қатар атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы – бізді төсекте дөңбекшітіп, ұйқымызды бөлетін нәрсе».



Ахаңның бұл өзекті мәселелерге байланысты «Қазақ хәм жер мәселесі», «Жер жалдау жайынан», «Қазақ жерін алу турасындағы нызам», «Земство», «Шаруа жайынан», «Жәрдем комитеті», «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан», «Білім жарысы», «Бастауыш мектеп» сияқты ұлт мүддесін қорғау мен сақтауға бағытталған құнды жарияланымдарының маңызы аса жоғары еді.

Жалпы, ісі қазақтың ілім-білімінің көш басында кім тұр деген заңды сауал туындаса, бір-ауыздан Ахаңның аты аталары хақ.

Кенжетай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Әскери кафедра туралы не білеміз?

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Әскери кафедрасының тарихы терең. Оқу ордасының іргетасы қаланған сонау 1934 жылдан бастау алады. Күні бүгінге дейін бұл кафедра еліміздің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етіп, нығайту үшін 40 мыңнан астам запастағы офицерлер даярлады.

Мұнда тәжірибелі оқытушылардың жетекшілігімен 17 әскери мамандық бойынша запастағы офицерлер әзірленеді. Атап айтқанда: құрлықтағы әскердің әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштерінің офицерлері, мотоатқыштар әскерлері мен әскери барлау офицерлері, тәрбие құрылымдарының офицерлері, әскери психологтер, әскери журналистер мен идеологтер, байланыс әскерлерінің офицерлері, әскери метеорологтер, денешынықтыру және спортты ұйымдастыру офицерлері.

2015 жылдан бастап Әскери кафедрада ұлдармен бірге әскери мамандықтар бойынша байланыс бөлімшелерінің офицерлері, әскери психологтер мен әскери журналистер мамандығына студент қыздар білім алады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әскери кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы ҚР Қарулы Күштері құрылған кезде қалыптасқан әскери-педагогикалық тәжірибесі мол офицерлерден тұрады. Жастарды ҚР Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайындауда Отанға қызмет ету үшін отансүйгіштік, азаматтық және әскери қызметке дайын болу сияқты қасиеттерді қалыптастыруда Әскери кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы мен барлық қызметкерлерінің

қосқан үлесін атап өту орынды.

Профессорлық-оқытушылық құрам болашақ запастағы офицерлерді дайындау барысында тәрбие жұмыстарымен бірге, Әскери кафедрада оқитын студенттерге ғана емес, сондай-ақ өзге де жоғары оқу орындарының студенттеріне, Алматы қаласы мектептерінің оқушыларына әскери-патриоттық тәрбие беруге белсене атсалысады.

Осы мақсатта әскери-патриоттық жұмыс жүргізу орталығы құрылды. Оның аясында тұңғыш қорғаныс министрі, Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, генерал Сағадат Нұрмағамбетов пен Кеңес Одағының Батыры, майдангер-жазушы Бауыржан Момышұлы атындағы аудиториялар ашылды. Сонымен бірге Әскери кафедра мұражайы жұмыс істейді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әскери кафедрасының оқу-материалдық базасы қуатты. Оның құрамына жеке оқу корпусы, 40-тан астам мамандандырылған оқу кабинеттері, интерактивті лазерлік тир, әуе қорғанысы және мотоатқыштар әскерлерінің полигондары, жауынгерлік оқу-жаттығу техникасы кіреді. Мотоатқыштар әскерлері үшін жауынгерлік жаттығулар жасауға арналған интерактивті тренажерлер бар.



Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы әскери дайындық мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша әрі ақылы негізде жүзеге асады.

Ал запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери дайындық ақылы негізде жүргізілетінін естеріңізге саламыз.

Студенттермен сабақ «әскери күн» әдісі бойынша жүргізіледі.

Әскери кафедрада оқуға студенттерді іріктеу:

Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқуға бірінші (4 жыл оқу мерзімімен) және екінші курс (5 жыл оқу мерзімімен) студенттерінен құжаттар қабылданады.

Запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша

оқуға бірінші, екінші (оқу мерзімі 4 жыл) және бірінші, екінші, үшінші курс (оқу мерзімі 5 жыл) студенттерінен құжаттар қабылданады.

Әскери дайындық оқу-жаттығу жиынтығымен (кәсіби практика) ЖОКББ-ны бітіргенге дейін бір жыл бұрын аяқталады.

Бірінші кезең – медициналық куәландырудан өту;

Екінші кезең – кәсіби-психологиялық тестілеуден өту;

Үшінші кезең – дене дайындығын тексеру;

Үш стандартты тапсыру көлемінде 8 балл жинай алмаған студенттер байқаудың бұл кезеңінен өтпеген болып саналады.

Төртінші кезең – ЖОКББ басшысы құрастырып, бекітетін рейтингтік балдың есебіне сәйкес өтетін конкурстық іріктеу.

Байқаудың әр кезеңінен өтуге бір рет рұқсат беріледі.

1 ақпаннан бастап құжаттар қабылданады.

Әскери кафедра туралы ақпаратты INSTAGRAM: vk_kaznu. мекенжайынан алуға болады.

ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ БОЙЫНША НОРМАТИВТЕР

№	Жаттығулар	Студент – бозбалалар			Студент – бойжеткендер			
		Балл	Балл	Балл	Жаттығулар	Балл		
		5	4	3		5	4	3
1.	100 м жүгіру (сек)	14,2	14,5	15,0	100 м жүгіру (сек)	16,0	16,5	17,0
2.	3000 м жүгіру (мин)	13,00	15,00	16,00	3000 м жүгіру (мин)	10,00	11,30	12,20
3.	Биік турникте тартылу (саны)	12	10	8	Шалқалай жату арқылы қолды басқа қойып, денені көтеру (саны)	25	20	15

Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Шығыстану факультетінде Қазақстандағы Свами Вивекананда атындағы үнді мәдени орталығының директоры Санджай Веди мырзамен кездесу өтті. Кездесуге шығыстану факультетінің деканы міндетін атқарушы Н.Ем, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының меңгерушісі Д.Көкеева, Үндітану бөлімінің меңгерушісі М.Пернеқұлова және Үндітану бөлімінің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Іс-шараны шығыстану факультетінің деканы міндетін атқарушы Н.Ем құттықтау сөзбен ашып, екі ел арасындағы мығым достықтың көпірін нығайту мақсатында елге үнді тілін, мәдениетін, тарихын, әдебиетін терең меңгерген мамандардың қажеттілігін назарға ала отырып, соның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бұл салада белсене еңбек етіп, өзіндік үлестерін қосып келе жатқан үндітанушы мамандарды даярлайтын бірден-бір жоғары оқу орны болып табылатынын атап өтті.

Свами Вивекананда үнді мәдени орталығының директоры Санджай Веди мырза бұл қызметте әлі күнге дейін айтарлықтай

Халықаралық Хинди университетінің сертификатты табысталды



ұзақ уақыт болмаса да, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіне үшінші рет іссапармен келіп, жан-жақты келіссөздер жүргізіп жатқанын айтты. Аталған келіссөздер негізінде Үндітану бөлімінің оқытушылары мен студенттері Үндістанға біліктілігін арттыруға арналған тағылымдамаларға жі-

берілетіндерін атап өтті. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының елшілігі жақын арада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бірлескен халықаралық ғылыми конференциялар өткізуге қолдау білдіретінін еске салды. Сонымен бірге Санджай Веди мырза 2020-21

жылдары Үндістанда тілдік тағылымдамалардан өтіп, бірақ пандемияға байланысты дипломдарын уақытында ала алмаған бөлімінің түлектері Нәзира Киізбаева, Аида Орынбай, Балжан Хамитова, Алмас Еслямғариев, Әділет Мұратбековтерге ресми түрде Махатма Ганди атындағы Халықаралық Хинди

университетінің дипломдарын табыстады.

Кездесу барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультеті мен Свами Вивекананда атындағы үнді мәдени орталығы арасындағы білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық бойынша бірқатар жаңа мүмкіндіктер талқыланды.

Шара соңында шығыстану факультетінің деканы міндетін атқарушы Н.Ем Қазақстан мен Үндістан арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға, атап айтқанда: шығыстану факультеті мен Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының елшілігі арасындағы өзара ынтымақтастықты дамыту үшін ерен еңбек атқарып келе жатқаны үшін Санджай Веди мырзаны Алғыс хатпен марапаттады.

Меруерт ПЕРНЕҚҰЛОВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы Үндітану бөлімінің меңгерушісі

Президент Касым-Жомарт Токаев в своем послании «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны» указал на необходимость системных реформ и определил основные направления. Одно из главных направлений – национальный проект качественного образования «Білімді ұлт».

сиональную терминологию на родном и иностранном языках, читать и адекватно понимать профессиональную литературу на иностранном языке, свободно вести беседу, переговоры с иностранными коллегами.

Сегодня наше общество нуж-

гуманистического мировоззрения, чувства патриотизма, высокой нравственности, повышение общекультурной образованности учащихся, формирование базы национально-культурной компетенции, под которой имеется в виду целостная

мероприятия направлены на выполнение комплексного решения задач: они имеют не только воспитательные и познавательные цели, но и учебные, поскольку они проводятся, исключительно, на английском и немецком языках. Участие в различных мероприятиях студентам представляется прекрасная возможность развить навыки устной речи, умение делать презентации, выступать на иностранном языке перед аудиторией и т.д. Темы воспитательных мероприятий соответствуют темам учебной программы по иностранному языку и, практически, являются логическим продолжением учебных занятий. Самыми бесценными результатами таких мероприятий, безусловно, является то, что студенты обретают уверенности в себе и в своих способностях, которые затем сформируют у них чувство собственного достоинства, стрессоустойчивость, конкурентоспособность, что в конечном счете, приведет их к успешной реализации своего потенциала. План воспитательной работы строится по факультетам с учетом исторических дат, официальных праздников, народных обычаев, выдающихся людей той или иной страны. На кафедре работают 14 английских и немецких клубов.

Ежегодно кафедра проводит магистерскую конференцию «Advancing skills towards professional skills» с выступлениями магистрантов на английском языке на темы своих диссертации. Конечной целью этой конференции является развитие у магистрантов навыков презентации, аудирования, написание докладов и т.д. Этому мероприятию предшествует большая совместная работа магистранта и преподавателя по подготовке к выступлению магистранта на иностранном языке перед большой аудиторией. Темы докладов определяются самими магистрантами. Как правило, магистранты готовят доклад по теме своих диссертации или по темам, интересующим их. Ценность этой конференции заключается в моральном удовлетворении, который магистрант получает от результатов своего труда и обретает бесценный навык выступления перед аудиторией с презентацией на иностранном языке.

Очень сильно возросло желание и даже рвение наших студентов овладеть иностранными языками, поскольку значительно повысилась мотивация. Наши студенты активно, с большой охотой и интересом принимают участие во всех мероприятиях, устраиваемых нашей кафедрой: на английском и немецком языках готовят сценки, поют песни, читают стихи, делают презентации, готовят плакаты. Наши студенты твердо знают, что знание иностранного языка очень важно, потому что он открывает перед ними большие возможности.

Айжан МУЛДАГАЛИЕВА,
к.ф.н. доцент

Шолпан ГУМАРОВА,
ст.преподаватель
кафедры иностранных
языков КазНУ

Знание языка открывает большие возможности



пересказ газетного текста и устная беседа на тему будущей научной работы.

В те годы были большие проблемы с учебной литературой. Читали старые номера «Московских Новостей», которые доходили до нас с большим запозданием из Москвы. Воспоминается один курьезный момент, связанный с газетой «Московские Новости». Широта колонки в этой газете была размером широты одного советского рубля. Студенты измеряли «тысячи» длиной этой купюрой. Одна купюра, положенная на колонку, соответствовала одной тысяче знаков газетного текста. Три рубля – три тысячи знаков.

Большое внимание уделялось развитию у студентов навыков перевода, в основном, с английского на русский язык. «Гугла» тогда не было, и студенты порою достигали высокого мастерства в переводе, особенно, текстов по специальности, а отдельные способные студенты, буквально, сразу читали английский текст на русском языке; на современном языке их можно было бы квалифицировать переводчиками-синхронистами. В то время на уроке иностранного языка практиковался прием «перевод с листа» и умение хорошо перевести считалось «высшим пилотажем». И сейчас было бы нужно больше уделять внимание развитию у студентов навыков устного и письменного перевода документов, статей и других, которые необходимы в рамках задач профессиональной деятельности. Это поможет нашим студентам, будущим специалистам, адекватно использовать профес-

сиональную терминологию на родном и иностранном языках, читать и адекватно понимать профессиональную литературу на иностранном языке, свободно вести беседу, переговоры с иностранными коллегами.

Сегодня наше общество нуждается в радикально новом подходе к системе образования, где во главу угла, ставится задача подготовки специалистов новой формации: высокообразованные, профессионально ориентированные, конкурентоспособные личности, которые могут самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способны к сотрудничеству, отличаются мобильностью в образовательном пространстве, готовы к диалогу с представителями разных культур, обладают чувством ответственности за судьбу страны, за её социально-экономическое процветание. Одной из составляющих профессиональной компетентности специалиста является владение иностранным языком, соответственно перед преподавателями иностранных языков поставлены новые и более сложные задачи, когда в унисон с требованием времени необходимо радикально изменить подход к выбору принципов обучения, методики преподавания, отбора содержания предмета, усилить практическую и личностно-социальную направленность преподавания иностранных языков. Особую важность приобретает не только потенциал знаний обучаемого, но и как он умеет реализовать его.

Наряду с основной коммуникативной целью, связанной с овладением знанием о языке и через язык, в поле зрения находятся и другие компоненты целеполагания: воспитательная, образовательная и развивающая. Реализация образовательно-воспитательных целей заключается в формировании у студентов

система знаний об ключевых обычаях, традициях, реалиях своей страны и страны изучаемого языка, расширении кругозора студентов, более глубокого понимания вопросов международных отношений и участия Казахстана в мировых интеграционных процессах. Образовательная и воспитательная цели достигаются отбором учебного материала и соответствующего лингвистического материала.

В целях достижения поставленных целей кафедра иностранных языков много и усердно работает над совершенствованием учебного процесса и ведет активную воспитательную деятельность. Профессорско-преподавательский состав кафедры успешно использует в своей учебной работе опыт ведущих зарубежных ВУЗов и внедряют MOOK по грамматике таких ВУЗов, как University of Pennsylvania, U.S., University of California, Irvine, King's college London UK и др. а также внешние цифровые образовательные инструменты: Kahoot, Quizizz, Quizlet, Google Forms, а также проводят занятия на платформах дополненной или виртуальной реальности: SpatialChat // Spatial Mozilla Hubs, Hubs by Mozilla. Усилиями преподавателей кафедры подготовлен MOOK «Ағылшын тілі», целью которого является обучение грамматике английского языка через казахский язык. MOOK прошел апробацию и сейчас успешно интегрируется в учебный процесс.

Кафедра уделяет особое внимание на воспитательную деятельность. Все воспитательные

Студенттер қатарына салтанатпен қабылданды

Соңы. Басы 1-бетте


Шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Сахнада «Ұлытау» этно-рок тобы, танымал әнші Гүлнұр Оразымбетова, танымал жастар орындаушысы МАЛИКА YES, «Меломен» тобы және өзге де эстрада жұлдыздары әннен шашу шашты.

Мерекеді ҚазҰУ-дың талантты, креативті жастары да өз өнерлерін паш етті. Химия және химиялық технологиялар, биология және биотехнологиялар факультеттерінің студенттері университет ғалымдарының ғылыми жаңалықтарының тұсаукесерін өткізді. Көрермендер «ҚазҰУ студенттерінің спорттық жетістіктері» композициясын және «Чемпион» әнін қошеметпен қарсы алды, оның аясында ЖОО спортшыларына – халықаралық және ұлттық жарыстардың жеңімпаздарына кубоктар табыс етілді. Қыздар квартеті «Қазақ, қырғыз – бір туған» әнін әуелете шырқады.

Сондай-ақ кеште «Фараби қыздары», RAİM тобы сахнада ән шырқап, көрермендердің қошеметіне бөленді. Жастар ұйымдарының комитеті түрлі түсті флешмоб дайындады. Студенттер мерекесі фантастикалық лазерлік шоу мен би кешіне ұласты.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Суреттерді түсірген Марат ЖҮНІСБЕКОВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.